

## Жалпы сипаттағы ресми трансферттерді есептеу әдістемесі туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 31 тамыздағы N 916 қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.07.16. N 599 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне сәйкес және бюджетаралық қатынастарды жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Жалпы сипаттағы ресми трансферттерді есептеу әдістемесі бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 4                      ж ы л ғ ы                      3 1                      т а м ы з д а ғ ы

N                      9 1 6                      қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

### **Жалпы сипаттағы ресми трансферттерді есептеу әдістемесі**

#### **1. Негізгі ережелер**

1. Жалпы сипаттағы ресми трансферттердің үш жылдық кезеңге арналған көлемін айқындау, олардың әрбір үш жыл сайын өзгеруі Жалпы сипаттағы ресми трансферттерді есептеу әдістемесінің (бұдан әрі - Әдістеме) негізінде жасалады.

2. Бюджет субвенциялары мен бюджеттік алып қоюлар жалпы сипаттағы ресми трансферттер болып табылады.

Жоғары тұрған бюджеттерден төмен тұрған бюджеттерге республикалық немесе облыстық бюджетте бекітілген сомалар шегінде берілетін ресми трансферттер бюджет субвенциялары болып табылады.

Төмен тұрған бюджеттерден жоғары тұрған бюджеттерге республикалық немесе облыстық бюджетте, бекітілген сомалар шегінде берілетін ресми трансферттер бюджеттік алып қоюлар болып табылады.

3. Бюджет кодексіне сәйкес жалпы сипаттағы ресми трансферттердің көлемдері абсолюттік түрде жылдар бойынша бөліне отырып үш жылдық кезеңге белгіленеді және әрбір үш жылда өзгертілуге жатады.

## **2. Жергілікті бюджеттер кірістерінің болжамды көлемдерін айқындау**

4. Жергілікті бюджеттер кірістерінің болжамды көлемдері бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайтын Бюджет түсімдерін болжау әдістемесіне сәйкес және:

- 1) түсімдерді бюджеттер деңгейлері арасында бөлу;
- 2) алдағы үш жылдық кезеңге арналған Орта мерзімді фискалдық саясат;
- 3) республиканың немесе өңірдің Әлеуметтік-экономикалық дамуының орта мерзімді жоспары;
- 4) облыстық өкілді органның шешіміне сәйкес кірістерді облыстық бюджеттер мен аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттерінің арасында бөлу нормативтері;
- 5) Қазақстан Республикасының жергілікті бюджеттерге түсетін түсімдерді бюджетке есепке алудың тәртібі мен шарттарын реттейтін заңнамасының, оның ішінде жоспарланып отырған кезеңде енгізілетін және жергілікті бюджеттер түсімдерінің қысқаруын немесе ұлғаюын көздейтін ережелер негізінде есептеледі.

## **3. Жергілікті бюджеттер шығындарының болжамды көлемдерін айқындау**

5. Жергілікті бюджеттер шығындарының болжамды көлемдері Бюджет кодексіне сәйкес олардың ағымдағы бюджеттік бағдарламаларға және бюджеттік даму бағдарламаларына бөлінуін, бюджеттік қамтамасыз етілуді ескере отырып және бюджеттер деңгейлері арасында шығыстарды бөлу негізінде есептеледі.

Ағымдағы бюджеттік бағдарламаларға жергілікті бюджеттердің жоспарланып отырған кезеңге арналған шығындарының көлемін болжаудың есепті базасы ретінде жоспарланып отырған кезеңнің алдындағы жылғы жергілікті бюджеттер шығындарының бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық және жергілікті уәкілетті органдар төмен тұрған бюджеттердің деңгейлеріне қатысты айқындаған болжамды көлемдері алынады.

6. Ағымдағы бюджеттік бағдарламаларға шығындардың болжамды көлемін айқындау кезінде:

- 1) Қазақстан Республикасы заңдарының жергілікті бюджеттер шығыстарының ұлғаюын немесе қысқаруын көздейтін және жоспарланып отырған кезеңде қолданысқа енгізілетін ережелері;
- 2) Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтары мен Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулыларының жергілікті бюджеттер шығыстарының ұлғаюын немесе қысқаруын көздейтін және жоспарланып отырған кезеңде қолданысқа енгізілетін ережелері;
- 3) Республикалық бюджет комиссиясы шешімдерінің негізінде Қазақстан

Республикасы заңдарының, Қазақстан Республикасының Президенті жарлықтарының және Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулыларының бұрын қолданысқа енгізілген, бірақ қаржыландырумен қамтамасыз етілмеген ережелері ;

4) Орта мерзімді фискалдық саясатқа сәйкес ағымдағы шығыстардың жоспарланып отырған кезеңдегі тұтыну бағаларының индексіне ұлғаюы;

5) мақсатты ағымдағы трансферттердің есебінен қаржыландырылатын тұрақты сипаттағы шығындар ;

6) ағымдағы шығындардың жалпы көлеміне пайыздық қатынаста айқындалатын күрделі жөндеуге және материалдық-техникалық базаны нығайтуға арналған шығындар ескеріледі.

7. Аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттерінің ағымдағы бюджеттік бағдарламаларға арналған шығындарының болжамды көлемін айқындау кезінде, сондай-ақ:

1) аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) бюджеттер шығыстарының ұлғаюын немесе қысқаруын көздейтін және жоспарланып отырған кезеңде қолданысқа енгізілетін облыстық өкілді және атқарушы органдар шешімдерінің ережелері ;

2) бұрын қолданысқа енгізілген, бірақ облыстық бюджет комиссиясы шешімінің негізінде қаржыландырумен қамтамасыз етілмеген облыстық өкілді және атқарушы органдар шешімдерінің ережелері, ескеріледі.

8. Жалпы сипаттағы ресми трансферттердің көлемдерін есептеу кезінде, осы Әдістеменің 6-тармағы б) тармақшасында көзделген жағдайларды қоспағанда, жоғары тұрған бюджеттің мақсатты трансферттерінің есебінен жүзеге асырылатын шығындар ескерілмейді.

9. Бюджеттік даму бағдарламалары бойынша шығындарды қаржыландыру үшін көзделетін қаражаттың жалпы болжамды көлемі алдағы үш жылдық кезеңге арналған Орта мерзімді фискалдық саясатта айқындалған ағымдағы бюджеттік бағдарламалар бойынша шығындарды қаржыландырудың жалпы көлеміне пайыздық қатынасқа сәйкес жылдар бойынша бөліне отырып айқындалады.

10. Жергілікті бюджеттер шығындарының болжамды көлемі ағымдағы бюджеттік бағдарламалар мен бюджеттік даму бағдарламалары бойынша шығындардың болжамды көлемінің сомасы ретінде айқындалады.

#### **4. Жалпы сипаттағы ресми трансферттердің көлемдерін анықтау**

11. Бюджет кодексіне сәйкес жалпы сипаттағы ресми трансферттердің көлемдері тиісті жергілікті бюджеттің кірістері мен шығындарының болжамды көлемдері арасындағы айырма ретінде айқындалады.

Кірістердің болжамды көлемі жергілікті бюджет шығындарының болжамды көлемінен асып түскен жағдайда жергілікті бюджеттен жоғары тұрған бюджетке

бюджеттік алып қоюлар белгіленеді.

Шығындардың болжамды көлемі жергілікті бюджет кірістерінің болжамды көлемінен асып түскен жағдайда жоғары тұрған бюджеттен жергілікті бюджетке бюджет субвенциялары белгіленеді.

12. Бюджет кодексіне сәйкес, егер бекітілген (нақтыланған, түзетілген) жергілікті бюджетте бюджеттік алып қоюлар мен субвенцияларды есептеу кезінде ескерілген шығыстар көзделмесе, онда Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе облыстың жергілікті атқарушы органы қаржы жылы ішінде тиісті мөлшерге бюджеттік субвенцияларды қысқарту немесе бюджеттік алып қоюларды ұлғайту туралы шешім қабылдайды.

13. Жалпы сипаттағы ресми трансферттердің көлемін айқындау есебін бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық (жергілікті) уәкілетті орган Республикалық (облыстық) бюджет комиссиясының қарауына алдағы үш жылдық кезеңге арналған жергілікті бюджеттердің болжамды көрсеткіштерін айқындау үшін енгізеді.